


8-СЫНЫП ГЕОМЕТРИЯ

12-сабақ тапсырмалары:


Қашықтықтар мен бұрыштарды табуға арналған практикалық есептер

1-есеп. Асхат үйінен шығысқа қарай 400 м жүрді. Кейін солтүстікке бұрылып тағы 300 м жүрді(1-сурет). Асхат үйіне қайту үшін батысқа қарай қандай бұрышқа бұрылып жүруі керек? Жауабын градусың бүтін санымен көрсетіңдер.




1-сурет

2-есеп. Айнұр үйінен батысқа қарай 500 м, кейін солтүстікке бұрылып тағы 300 м жүрді. Содан кейін ол шығысқа қарай бұрылып тағы 100 м жүрді (2-сурет). Айнұр үйіне қайту үшін шығысқа қарай қандай бұрышқа бұрылып жүруі керек? Жауабын градусың санымен көрсетіңдер.




2-сурет

3-есеп. Ермек саңырауқұлақ теру үшін орманға кіріп, екі сағат бойы солтүстікке қарай, кейін сол жылдамдықпен бір жарым сағаттай шығысқа бұрылып тағы жүрді(3-сурет) . Ермек орманға кірген орынға қайтып келуі үшін оңтүстікке қарай қандай бұрышқа бұрылып жүруі керек? Жауабын градусың санымен көрсетіңдер.




3-сурет

4-есеп. Жіпке ілулі тұрған жүк тәріздес маятник тұрған орнынан 60° бұрышқа ауытқыды. Маятниктің AC ұзындығы 20 см (4-сурет). Жүктің биіктігі тұрған орнымен салыстырғанда қалай өзгерді?




4-сурет

5-есеп. Жіпке ілулі тұрған жүк тәріздес маятник тұрған орнынан 60° бұрышқа ауытқыды. Маятниктің AB ұзындығы 20 см (5-сурет). Жүктің C орнынан оның бастапқы орны арқылы өтетін AB түзуіне дейінгі CD қашықтығын табындар.




5-сурет

6-есеп. Ұзындығы 50 см болатын AB маятнігі тұрған орнынан 12 см-ге тең CD қашықтыққа ауытқыды (6-сурет). Маятниктің бастапқы AB орны мен жаңа AC орнының арасындағы бұрышты табындар. Жауабын градусық бүтін санмен өрнектелетін жуық мәнімен көрсетіндер.



6-сурет

7-есеп. Тау теміржолы әрбір 30 м сайын 1 м биіктікке көтеріледі (7-сурет). Көтерілу бұрышын градуспен табыңдар. Жауабын бүтін санмен өрнектелетін градустың жуық мәнімен көрсетіңдер.




7 -сурет

8-есеп. Адам 1000 м төбешік баурайымен жоғары жүріп төбе табынының жазықтығынан 90 м биіктікке көтерілді (8-сурет). Төбе көлбеуінің бұрышын (орташа) градуспен табыңдар. Жауабын бүтін санмен өрнектелетін градустың жуық мәнімен көрсетіңдер.



8-сурет

9-есеп. Жолдың көтерілу бұрышы 7° -қа тең (9-сурет). Жүргіншінің 200 м жүріп көтерілген биіктігін табыңдар.




9-сурет

10-есеп. Бақылаушыдан 100 м қашықтықта тұрған биіктігі 3 м бағанның оған көріну бұрышын жуықтап табыңдар (10-сурет). Жауабын градустың бүтін санымен көрсетіңдер.



10-сурет

11-есеп. Ұшақ А әуежайына 8000 м биіктікте жақындады. Ұшқышқа ұшақты отырғызу үшін тұрақты 6° бұрышпен төмендеуге нұсқама берілді (11-сурет). Ұшақтың қону жолағынан төмендеуді бастау орнына дейінгі АВ қашықтықты табыңдар. Жауабын бүтін санға тең жуық мәнмен көрсетіңдер.



11-сурет